

№ 2 ХАТТАМА
Әдістемелік кеңес отырысы
2023 жылғы 29 қазан

Төрайым: – Оспанова М.А. Директордың ғылыми ісі жөніндегі орынбасары
Әдістемелік кеңес мүшелері:

1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Г.К.Бекишова, А.А.Дукенова, К.Ш.Шошанова
2. - Г.Т.- Гайнуллина-қазақ тілі мен әдебиет;
3. -Ж.А.Куракбаева –орыс тілі мен әдебиеті;
4. -А.А. Ажакенова –тарих;
5. -А.Б. Байболова- шетел тілі;
6. -Ж.Е. Акпарова - математика, физика
7. -А.Серғазы - информатика
8. -Г.А. Жалбырова- химия, биология, география
9. -А.А.Опабекова - музыка, бейнелеу өнер, АӘД
- 10.-А.К. Фарзалиева – жаһандық құзыреттілік
- 11.-Т.С. Аубакирова- дене шынықтыру
- 12.-К.К. Баярстанова – бастауыш сыныптар
- 13.-А.А.Оразбаева - бастауыш сыныптар
- 14.Фарзалиева А.Қ. – мектеп психологы
- 15.Жұмабек А.А– мектеп психологы
- 16.**Күн тәртібі:**

1. №1 әдістемелік кеңес шешімінің орындалуы туралы.
2. «Педагогтердің кәсіби құзыреттілігі – білім сапасының негізі».
3. Дарынды оқушылармен жұмыс. 5–11 сынып оқушылары арасындағы мектепшілік олимпиаданы өткізу және талдау.
4. Педагог кадрларды аттестаттау туралы

1-сұрақ бойынша тыңдалды:

Оспанова М.А. әдістемелік кеңестің шешімдерінің орындалу нәтижелерімен таныстырды.

- ӘБ отырыстарында 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат қарастырылды;
- 2025–2026 оқу жылына арналған ӘБ жоспарлары бекітілді;
- жас педагогтармен жұмыс жасау үшін тәлімгерлер анықталды;
- педагогикалық кеңесте таңдау курстары, лицей компоненті пәндері, факультативтер мен элективті курстар қарастырылды;
- пән апталықтарының өткізілу жоспары бекітілді;
- *Lesson Study*, *Share*, *Akelius* педагогикалық тәсілін жүзеге асыру және инновациялық жобалар бойынша фокус-топтар құрылды.

2-сұрақ бойынша тыңдалды:

Оспанова М.А. білім сапасының басты көрсеткіші – педагогтердің кәсіби құзыреттілігі екенін атап өтті.

Мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен шеберлігі – оқушы жетістігінің негізгі факторы екенін айтты.

Осы мәселе бойынша сөз сөйлегендер:

- Жалбырова Г.А. – жаратылыстану-математика бағыты бойынша ӘБ жетекшісі;
- Ажекенова А.А. – тарих пәні мұғалімдері ӘБ жетекшісі;
- Баярстанова К.К. – бастауыш сынып мұғалімдері ӘБ жетекшісі.

3-сұрақ бойынша тыңдалды:

Ажеконова А.А. мектептегі дарынды оқушылармен жұмыс барысы туралы баяндады.

Ол дарынды балалармен жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталды:

- Дарынды оқушыларды анықтау – олардың оқу жетістіктерін, жобалар мен жарыстарға қатысу белсенділігін, ерекше қабілеттерін талдау арқылы жүргізіледі;
- Әрбір дарынды оқушыға жеке көзқарас қажет, олардың қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беретін жағдайлар жасалуы тиіс;
- Дарынды балалар үшін қосымша білім беру мүмкіндіктерін (олимпиадалар, үйірмелер, ғылыми-зерттеу жобалары және т.б.) кеңейту маңызды;
- Дарынды балалармен жұмыс істеу кезінде психологиялық қолдау көрсету, олардың күйзеліс, мазасыздық, перфекционизм сияқты мәселелерін шешу қажет;
- Ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, бірлескен жұмысты жолға қою керек;
- Дарынды оқушылардың даму динамикасын жүйелі түрде бағалап отыру қажет.
- **4-сұрақ бойынша тыңдалды:**

Оспанова М.А. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 3 қазандағы хатына сәйкес педагогтерді аттестаттау тәртібіндегі өзгерістер туралы хабарлады:

- 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрыққа («Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы») өзгерістер енгізу жобасы әзірленді;
- жоба мемлекеттік органдармен келісу сатысында;
- осыған байланысты 2021 жылғы (қыркүйек-желтоқсан) педагогтерді аттестаттау уақытша тоқтатылады;

- педагогтердің білімін бағалау 2026 жылғы қаңтар-маусым айларына ауыстырылады;
- 2025 жылдың желтоқсан айында мерзімі аяқталатын педагогтердің, білім беру ұйымдарының басшылары мен орынбасарларының біліктілік санаттары 2026 жылғы аттестаттау кезеңіне дейін ұзартылатын болады.
- **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:**

1. Педагогтердің кәсіби біліктілігі мен шеберлігін арттыру мақсатында семинарлар өткізу және педагогтердің семинарлар мен конференцияларға қатысуын жалғастыру.
2. Дарынды оқушылармен жұмысты жекелендірілген және сараланған тапсырмалар арқылы күшейтіп, пәндік олимпиадаларға сапалы дайындық жүргізу.
3. Біліктілік санаты бар педагогтердің тізімін жасақтап, ұзарту туралы бұйрыққа енгізу. Аттестаттауға дайындық бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Оспанова М.А.

Хатшы:

Гайнуллина Г.Т.